


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарих және әдебиет





Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих және әдебиет


Дәрістің жоспары:

1. Тарих және әдебиет
2. Жаңа білімнің бастауында
3. Геродот – еуропалық тарихтың атасы.

Дәрістің маңызды идеялары:

Тарих пен әдебиет арасында тығыз байланыс бар. Тарихи роман немесе реалистік новелла сияқты шығармалардың авторлары тарихи мәліметтерді өз назарынан тыс қалдырмайды. Бастапқы кезде «тарих» сөзінің мағынасы куәгердің куәлігі және тергеу, сұрастыру дегенді білдірді. Алғашында тарихпен айналысқан адамдарды логографтар (гр. *logos* - сөз, шығарма) деп атады. Логографтар ауызша және жазбаша дереккөздерден ақпарат жинады. Қандай да бір мемлекеттің немесе ұлттың шеңберімен шектеліп қалмаған алғашқы әмбебап тарихшы Геродот болды. Ол зерттеуінің ортасына адамды орналастырды. Бұл оның басты сіңірген еңбегі.

Дәрістің маңызды цитаталары:



«Тарих - бұл уақыттың куәсі, шындықтың нұры, жадының өмірі, өмірдің тәлімгері, бұрынғының хабаршысы» Марк Туллий Цицерон.

«...тарихтың бірінші заңы -қандай түрде болсын өтірікті жазбау, екіншісі – шындықтан қорықпау және де ашу мен құмарлықты болдыртпау». Марк Туллий Цицерон.

Тарих және әдебиет

Тарихи туындылар мен көркем шығармаларда ортақ не болуы мүмкін? Бәлкім, тек біріншісі де, екіншісі де жазбаша мәтін түрінде болатындығы ғана шығар. Негізгі айырмашылық - тарихшы мен өнер туындысының авторы алдында тұрған міндеттер. Тарихшының міндеті – өткеннің объективті бейнесін жасау. Ол сақталған құжаттық дереккөздер мен шектелуге мәжбүр. Өнер туындысының авторы үшін ең бастысы – шығармашылық ниетті ойдағыдай іске асыру және оқырманды қызықтыру. Тарих пен әдебиет арасындағы қарым-қатынасқа деген бұл көзқарас жалпыға ортақ емес. Мұндай жалпы көзқарас XIX ғасырдың екінші жартысына ғана сәйкес келеді. Сол кезде ғана тарих ғылымы - бұрынғы оқиғаларды қалпына келтіретін білім саласы деген идея орнатылды.

XX ғасырдың басында тарихи білімнің табиғатын түсінуде өзгерістер болды. Өткенді қайта қалпына келтіру кезінде тек құжаттық дереккөздерге сүйену мүмкін емес деген ой кең таралды. Олардың материалдары жиі тарихшыны қызықтыратын дәуірдің толық бейнесін ұсыну үшін жеткіліксіз болды. Осылайша, ол көптеген жағдайларда өзінің жеке түйсігіне сенім артуға тырысады. Бұдан басқа, гуманитарлық ой-пікірлерде (XX ғасырдың 60-шы жылдарында) орын алған құрылымдық революциядан кейін жазбаша мәтін тарихи зерттеулердің негізі екенін ғалымдар түсіне бастады. Бұл өткенді зерттеу тарихшының тарихи деректердің жазбаша мәтіндерін түсіндіруінен басталады дегенді білдіреді. Бұл түсіндірменің түпкілікті өнімі жазбаша мәтін – тарихи мақала немесе монография болып табылады. Оны құруда зерттеуші көркем құралдарды және риторикалық әдістерді қолдануға мәжбүр. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи жұмыс арнайы түрдегі әдеби шығарма ретінде қаралуы мүмкін, оның мақсаты - оқырмандарына ұсынылған оқиғалардың нақты сипатын дәлелдеу.

Осылайша, тарих пен әдебиет арасындағы байланыс көрінгеннен әлде қайда жақын. Кез-келген прозалық шығармалардың авторы (әсіресе тарихи роман немесе реалистік новелла) тарихи мәліметтерді өз назарынан тыс қары қалдырмауы керек. Өз кезегінде, тарихшы қазіргі заманғы әдеби әдістерді қолданбаған жағдайда, өткенге қатысты біртұтас көзқарас бере алмайды.

Ежелгі заманнан бері тарихты игеру байыпты әдеби дағдыларды талап етеді деп танылды. Алайда, ежелгі гректерде де, римдіктерде де заманауи мағынада көркем әдебиет түсінігі болмады. Ауызекі



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих және әдебиет

шығармашылықтың барлық түрі әртүрлі мимесис (гр. мимесис - имитация) болып саналады. Аристотельдің «Поэтикада» айтуынша, «тарихшы мен ақын біреуі өлеңмен, екіншісі қара сөзбен жазатындығымен ерекшеленбейді, олар біреуі болған жайттар, ал екіншісі болуы мүмкін жайттар жайында жазатындығымен ерекшеленеді. Себебі, поэзия көбіне жалпы зағтар туралы айтады, ал тарих бір рет орын алған жайт жайында хабарлайды».

Ежелгі тарихшылар оқшауланған фактілерді жинауға және тексеруге көп көңіл бөлді. Тарихпен айналысу риторикалық өнердің бөлігі ретінде танылады. Фактілерді жинау және тексеру тарихшының жұмысының тек алдын-ала кезеңі болды, ал оның өнері бұл фактілерді қалай қолданатынында сыналды. Тарихшы не айтатынын емес, қалай айтатынын ойластыру керек. Оның міндеті – оқиғаларды дұрыс таратып, бейнелеу.

Ежелгі дәуірде өткендердің фактілерін шынайы сипаттау және тарихи жұмыстар мәтінінде келісілген көрнекі көрсетілімдерге қатысты көзқарастарында ерекше қайшылықтар болған жоқ. Соған қарамастан, олар пайда болған кезде, көбіне айқындыққа дауыс берілетін. Мысалы ретінде «тарихтың бірінші заңы - қандай түрде болсын өтірікті жазбау, екіншісі – шындықтан қорықпау және де ашу мен құмарлықты болдыртпау» деп жазған Цицеронды алуға болады. Дегенмен, оның досы, тарихшы Лукций өзінің консулдығының тарихын жазуды қалаған кезде, Цицерон көрнекі әңгіме құру туралы қамқорлық жасап, «тарихтың заңдарын елемеуге» кеңес берді.

XIX ғасырдың басынан бастап тарих, жалпы әдеби іс сияқты, енді риториканың бір бөлігі болып есептелуді тоқтатты. Алайда, ол көркемдік қасиеттерін жоғалтпады. Бейнелеудің бір амалдарының орнына басқалар келді. Тарихшы кейіпкерлердің моральдық бағалауынан қалыс қалды. Ол оқиғаларға қатысушы ретінде өзін елестетуге тырысты. Ағартушы тарихшылар үшін «еріксіз зұлымдыққа» айналған кішкене деректемелері мен елеусіз фактілері романтизм дәуірінің тарихшыларының еңбектерінде сипаттаудың негізгі объектілері болды. XX ғасырдың екінші жартысындағы француз философы және әдебиеттанушысы Роланд Барс «Шындықтың әсері» атты жұмысында романтизм мектебінің тарихшыларымен XIX ғасырдың реалист жазушылары қолданған көрнекі құралдарын талдаумен айналысып, тарихи және әдеби шығармалардың өзара байланысы мен өзара байыту фактісін дәлелдеді. Осы шығармашылық түрлерінің тығыз байланысы кейінгі уақытта да сақталды.

XX ғасырдың екінші жартысында тарих пен әдебиет арасындағы өзара әрекеттесу мәселесі «жаңа интеллектуалды тарихшылар» шығармаларында теориялық қайта түсінуге ие болды.

Ежелгі римдік саясаткер, шешен және философ *Марк Туллий Цицероның «Тарих - бұл уақыттың күәсі, шындықтың нұры, жадының өмірі, өмірдің тәлімгері, бұрынғының хабаршысы»* деген сөздері оқулықтың үшінші тарауының алғы сөзіне айналды. Цицероның бұл сөздері тарихтың мақсатын толығымен бейнелейді. Шын мәнінде, тарих - бұл жады және өмірдің тәлімгері. Тарих - қатал, бірақ әділетті мұғалім. Тарих - адам өмірінің бейнесі. Бүгінгі лекцияда тарихи білімнің қалай пайда болғанын қарастырамыз. Ал ол бұрынғы замандарда – антикалық дәуірдегі ғылым ретінде туды. Ол грек және латын тілдерінде жазылған тарихи жазбалар еді. Ғалымдар тарихнаманың пайда болуының жоғарғы шегін жазба мәдениеттің пайда болуы алдындағы мәдениет уақытымен анықтайды, төменгі шегі - Рим империясының ыдырағаннан кейінгі дәуірі. Хронологиялық тұрғыдан алғанда бұл кезең б.з.б. 1000 жыл — б.з. 500 жылдармен белгіленеді.

Жаңа білімнің бастауында

Өткен лекцияда біз тарих пайда болған кезеңінде көркем әдебиет жанры болғанын және, сондықтан, ауызекі шығармашылық және әдебиетпен тығыз қарым-қатынаста екенін айттық. Тарих қашан жеке ғылымға айналды? Жалпы алғанда, тарих ғылым ретінде қай жерде пайда болды? Бұл сұрақтардың жауабын тарих ғылым ретінде Кіші Азияда, грек әлемінің жүрегі болып табылатын қалаларда - Ионияда және Милетте, яғни Аттикада, Эгей теңізінің жағалауында пайда болды. Эгей теңізінің Кіші Азиядағы жағалауында пайда болуы ол жердің архаикалық мәдениеттің пайда болуының аумағы болғандығының бұлтартпас дәлелі болып табылады.

Ұлы Иония философтары адамзат қоғамын ғарыштың бір бөлігі ретінде, яғни табиғи әлемнің бөлігі ретінде қарастырды. Олар табиғат әлемі біртұтас деп санайды. Бұдан, осы бөліктердің барлығының бір-бірімен өзара байланысы бар деп қорытынды жасауға болады.

Иония философтары VI ғасырға дейін тарихты поэтикалық түрде жазған. Дәл осы б.з.б. VI ғасырда жаңа әдеби жанр пайда болды. Эпостарға тән ғарыш, құдайлар, жер және гректерге белгілі халықтар



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих және әдебиет


туралы түсініктер қайта қаралған болатын. Нәтижесінде, дәстүрлі поэзия мен мифологияға қарама-қайшы жаңа түрдегі шығармалар пайда болды. Жаңа типтегі жұмыстардың ерекшелігі - авторлар тек қана қоршаған шындықты сипаттаумен шектелмеген. Олар осы шындықтың пайда болуына, яғни өткенге назар аударған. Бұл оларға өз заманын түсінуге көмектесті.

Өткенді қайта құрудың негізі мифтер мен эпостар болды. Кез келген дәстүрлі аңыз ежелгі зерттеушілердің мүдделерін қанағаттандыра алмады. Олар сол аңыздардың арасынан ең сенімділерін таңдап, оларды сыни көзқараспен қабылдап, осы жұмыстардың мәнін ашқан болатын. Осылайша, алғашқы хроника, елді мекендер мен қалалардың этнографиялық сипаттамалары жасалды. Олардың авторларының назары қалалардың негізін қалаушылардың шежірелерінде, әртүрлі ұлттардың әдет-ғұрыптарында болды. Барлық авторларға тарихи аңыздар, ежелгі ертегі мен мифтер шынайы, тек біршама әшекейленген шындықты бейнелейді деген аңғалдық көзқарас тән еді. Ежелгі авторлар шындықты айқындау үшін барлық табиғаттан тыс және шындыққа жанаспайтын заттарды жою жеткілікті деп пайымдады. Тіпті, мағынасыз фактілерге авторлар ұтымды түсіндірме беруге тырысты.

Ең бастысы - «шындықты табуға» деген ұмтылыс және аңызға тексеруге болатын нәрселерді сараптап алу болды. Мұндай жұмыс «тарих» сөзімен анықталды, оның екі мағынасы бар: куәгердің куәлігі және тергеу, сұрастыру. Мұндай шығармалардың авторлары логографтар (гр. *logos* - сөз, шығарма) деп аталды. Кейінірек бұл термин көп мағынаға ие болды, бірақ, ең басында ол қара сөзді поэтикалыққа қарсы қою үшін қолданылды. Әдеби жанрда логос-әңгіме мысалдан, ертегілер мен мифтен өзгеше болды.

Логографтар ауызша және жазбаша дереккөздерден ақпарат жинады. Ауызшаға - қалалық фольклор әңгімелері, құдайлар мен қаһармандар туралы эпикалық аңыздар, жазбашаға - лауазымды тұлғалардың және Олимпиада ойындарының жеңімпаздарының жыл сайынғы тізімдері, сондай-ақ сауда және теңізде жүзу қажеттіліктері үшін өткізілген жер және теңіз саяхатының сипаттамалары жатты. Осы негізде логографтар өз шығармаларын жазды. Бұл шығармаларда тегі әртүрлі әңгімелер ортақ тақырыптар - халық, ел, қаланың, асыл отбасылардың генеалогиясының айналасында біріктірілді.

V ғасырда логографтар бұдан да ауқымды жұмыстар жасады: Харон Парсы, Ксанф - Лидия сипаттамасын жасады. Олардың әдеби әдісінің айрықша ерекшелігі - фактология - оқырманды дәл және сенімді деректермен қамтамасыз етуге деген ұмтылыс болды. Осындай жолмен алғашқы тарихшылар, әңгімелерді синтездеуге және ішкі байланыстарын ашуға тырыспай-ақ, шашыраңқы әңгімелердің ортақ тақырыбы айналасында механикалық одақ құрды.



Геродот - еуропалық тарихтың әкесі

ГЕРОДОТТЫҢ (490/80 - б.д. 425 жж. айналасы) өмірі туралы өте аз ақпарат бар. Ол б.з.д. 484 жылы туып, шамамен он жыл (б.з.д. 455-447 жж.) гректер сауда-саттықпен айналысатын елдерге саяхаттады деп пайымдалады. Геродот өзі барған жерлердің табиғат жағдайлары туралы, түрлі елдердің салт-дәстүрлері, өмір салты және тарихы туралы ақпаратты жинады, жеке бақылау жүргізді, куәгерлердің әңгімелерін жазды.

Б.з.б. 440 жылдардың ортасында ол бірнеше жыл Афинада өткізді, онда Перикл шеңберімен жақындасып кетті. Сол жерде ол, мүмкін, Афины тарихы орталық орын алатын жұмысының жекелеген бөліктерін дәріс ретінде оқиды. Геродот өмірінің соңғы жылдарында Италияның оңтүстігіндегі Грекия отарында болған Фури қаласында өткізді.

Геродоттың неге саяхаттағанын анықтау қиын - тек қызығушылықтан ба әлде оның басты мақсаты сауда болды ма? Грек отарларынан басқа, ол Вавилонға жетіп, Мысырға және Батыс Азияда болған болатын. Бұл облыстар гректерге жақсы таныс еді. Мұнда грек факториялары болды. Бұл жерге грек саудагерлері мен жалдамалы жұмысшылары үнемі жіберіліп отырылды. Геродот саяхаттаған барлық басқа жерлер - бұл Кіші Азиядағы, Финикиядағы, Сириядағы, Қара теңіздегі батыстың жағалауы - Хелеспонттағы, Ольвиядағы грек қоныстары.

Геродот өзінің рационалистік дәлелдемесін, әлемнің әмбебап картасын, этнографиялық тақырыптан ауытқуларын және баяндау тәсілдерін өзінің алдында болған мифолог, географ Милеттік Гекатейден иемденіп алған болатын.

Бірақ Гекатейден айырмашылығы, Геродот адамды зерттеуінің ортасына орналастырды. Бұл оның басты сіңірген еңбегі.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих және әдебиет

Геродот қандай да бір мемлекеттің немесе ұлттың шеңберімен шектеліп қалмаған алғашқы әмбебап тарихшы еді. Геродоттың «Тарих» еңбегі «жерді сипаттаудан» шынайы мағынасындағы тарихқа дейін түбегейлі көшуді білдіреді.

Логографтардан айырмашылығы, Геродот шығу тегі әртүрлі материалдарды Шығыс пен Батыстың күрес тақырыбымен біріктірді. Ол «Тарихты» соғысқа кінәлайтын адамдарды іздеп, Азия мен Еуропа арасындағы қақтығыс себептерін анықтаудан бастайды.

Тарихшы өз заманының мәдени әлемнің барлық елдеріне барып, ежелгі халықтар өмірінің, салт-дәстүрін, өткенін және діни салт-дәстүрлерін зерттеді. Жергілікті тілдерді білмегендіктен, Геродот аудармашылардың, жол нұсқаушылардың, діни қызметкерлердің әңгімелерін қолдануға мәжбүр болды. Сондықтан, оның хабарлары көбінесе фольклорға қатысты және кейде тарихи фактілерді бұрмаланған түрде жеткізеді. Дегенмен, бұл фактілер археологиялық қазба жұмыстарымен және басқа дереккөздерден алынған мәліметтермен расталады.

Цицерон Геродотты «тарихтың әкесі» деп атады, өйткені грек тарихнамасы Геродоттың «Тарих» жұмысынан басталады. «Тарих», «зерттеу», «тану» ұғымдарының байланысын негіздеген де Геродот еді. Бұл адам қызметі туралы баяндауды құрастыру үшін жасалды. Тарих өзара байланысты, белгілі бір себепке негізделген және жиі күтпеген салдарға әкеп соқтыратын оқиғалар туралы баяндау ретінде қалыптасты.

Геродотты «тарихты» жазуға грек-парсы соғысы шабыттандырды. Қақтығыстың шығу тегін ол қақтығысушы елдер мен халықтардың өткен кезеңдерінде байқайды. Геродоттың «Тарихы» - әскери-саяси тарих. Бірақ Геродоттың осы шығармасында тарихи география, археология, этнография, теңізде жүзу мен сауда тарихы, дін және мифология туралы бірегей және басқа еш жерде жоқ ақпарат бар. Барлық осы тақырыптан ауытқулар баяндаудың негізгі оқиғаларымен тығыз байланысы болмаса да, олар тарих тақырыбының шекарасын қамтиды. Тарих тақырыбын Геродот ұлы және лайықты әрекеттер деп санайды. Тарихшы міндеті деп ол өткенге қатысты білімді сақтауды санады.

Геродот тарихи әдісті жасауда ізашар болды. Ол алғаш рет тарихи сюжетті мәселе ретінде қарастырып, өз алдына нақты танымдық міндетті, яғни, сұраққа жауап іздеуді қойды: гректер мен варваршылар неге бір-бірімен күрескен?

Алдын ала бекітілген танымдық мақсат жиналған ақпараттың шынайылығын, сондай-ақ, оқиғаларды іріктеу мен реттеуді, яғни, тарихи баяндау элементтерін белгілеу қажеттілігін тудырды.

Геродот тарихты жазудың екі түрлі қағидатын біріктірген - рационалды және мифологиялық.

Біріншісі тарихшы өзі куә болған фактілерге негізделген, екіншісі ауызекі дәстүрде алынған өткен туралы ақпаратқа негізделген. Геродот кейде ғажайыптар туралы кейбір әңгімелерге күмәнмен қарайды, бірақ, ол үшін адамның өміріне Құдайдың араласуы фактісі анық.

Әлемде, Геродоттың айтуынша, ешкім жеңе алмайтын Құдайдың құдірет күші бар. Құдай, бір жағынан, адамдарды әділетсіздік пен бойкүндік үшін жазалайды, екінші жағынан, адамның бақытына қызығады. Геродоттың айтуы бойынша, құдайлардың жазасы мен қызғанышы тарихи үдерістің нақты факторлары болып табылады. **Әлемдік тәртіптің негізгі қағидасы - адам өмірінің сызығын анықтайтын шекара, өлшем (мойра) заңы.** Шектен шығуды болдыруға, өзіне өлшенілгеннің шекарасын бұзуға болмайды. Парсыларға Азияға тағайындалған. Алайда олар құдайлар эллиндарға берген Еуропаға шабуыл жасады. Осыдан олар міндетті түрде жеңіліске ұшырайтындығы шығады.

Эллада шабуылдаған Ксеркс өркөкіректік пен көбірек алуға, яғни, тылсым тағдыр жазғаннан жоғары көтерілуге тырысты. Ол қылмыс жасады, сол үшін Құдайлар жазасын берді.

Геродот тұрғысынан қарағанда, оларға берілгеннен гөрі көпті жаулап алатын барлық адамдарды жазалайтын соқыр тылсым күшті ешкім жеңе алмау тарихтың негізгі заңы болып табылады.

«Тарих» бізге жеткен түрінде тоғыз кітапқа бөлінеді, олардың әрқайсысына бір музының аты берілген. Сондықтан, кейде бұл туынды «Муза» деп те аталады.

Геродот туындысының бірінші жартысы (I-IV) - фольклорлық сипаттағы новелла-эпизодтар енгізілген кіріспе болып табылады.

«Тарихтың» (V-IX том) екінші бөлімінде автор грек-парсы соғыстарының сипаттамасын береді. Геродоттың негізгі мақсаты – уақыт өтісімен оқиғалардың ұмытылмауы, ал ұлы істердің жасырын қалмауы.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Тарих және әдебиет

Геродот уақытты оқиғалармен өлшейді. Оның тарихының әрбір эпизоды оқырманның алдында толық және аяқталған, кең тарихи тұжырымдамаға жазылған түрінде көрінеді. Бұл тұжырым жиналған барлық деректердің әртүрлілігін қамтиды.

Аңыздар туралы айтқанда, Геродот мүмкіндігінше барлық нұсқаларын келтіреді. Ол көп нәрсені шындыққа жанаспайды деп ысырып тастайды. Дегенмен, «айтылғандардың бәрі» қамту қажет деп есептейді. Кейбір жағдайларда автор өз бақылауларын тек қана естіген заттардан шеттейді. Материалды таңдаудың және тарихи сынның басқа әдістерін Геродот әлі қолданбайды.

Геродот варварларды жек көрмеген. Ол грек үшін ерсі әдет-ғұрыптар туралы салқындықпен баяндайды және кейбір жағдайларда (мысалға, Египет мәдениетінің көне ескерткіштерінің әсерінде болғанда) ол тіпті «варварлардың» эллиндардан артықшылығын мойындайды.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.